

СЕМИНАР ТАҚЫРЫБЫ: 2025-2030 жылдарға арналған Ақтөбе облысының өнімді жылқы шаруашылығын дамыту тұжырымдасы



08 қазан
2025

МАҚСАТЫ - 2025–2030 жылдарға арналған Ақтөбе облысының өнімді жылқы шаруашылығын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Белгілі бір климаттық және экономикалық жағдайларға жақсы бейімделген жергілікті тұқымдарды сақтау, көбейту және жетілдіру тәсілдерін алу.
2. Ақтөбе облысында өнімді табынды жылқы шаруашылығын дамыту үшін әртүрлі табиғи-климаттық жағдайларды қарастыру.
3. Өнімді жылқы шаруашылығында жылқыларды ұстау технологиясы мен тұқымдық аудандастырудың принциптері мен ерекшеліктерін түсіндіру.
4. Ақтөбе облысындағы жергілікті жылқы тұқымдарының қолда бар генофондын жетілдірудің негізгі бағыттарының тиімділігін дәлелдеу.

ФЕРМЕР ҮШІН ПРАКТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

фермер табынды жылқы шаруашылығында жергілікті тұқымды жоғары өнімді айғырлардың генетикалық әлеуетін қарқынды пайдалануды ұйымдастыру мен жүргізуді, сондай-ақ оның тиімділігін бақылауды («Аманжол» шаруа қожалығы мысалында) үйренеді.

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ТЕЗИС	ТОЛЫҒЫРАҚ
<p>1. Қазіргі мал шаруашылығына бейімделген генетикалық ресурстардың, ауыл шаруашылығы жануарлары түрлерінің, әсіресе мамандардың бақылауынан тыс қалған және олардың сипаттамалары мен әлеуеті белгісіз түрлердің жоғалу үрдісі тән.</p>	<p>Нарықтық жағдайдағы өнімді жылқы шаруашылығында селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты ұйымдастырудың және жүргізудің жаңа нысандары бұл саланың негізгі бағыттарын ғылыми қамтамасыз етуді қарқынды жүргізуді талап етеді, атап айтқанда: қазіргі заманғы генетика мен биотехнология жетістіктерін пайдалану негізінде қолда бар тұқымдардың генофондын сақтау; селекциялық-асыл тұқымдық жұмыста отандық және әлемдік жылқы генофонының үздік өкілдерін пайдалану арқылы қолда бар тұқымдарды, типтерді және аталық желілерін жетілдіру; асыл тұқымды жас малдарды мақсатты өсірудің болашағы зор технологияларын әзірлеу.</p>
<p>2. Тауарлық шаруашылықтарда жылқылардың өнімділігінің төмендігі және олардың көбеюі.</p>	<p>Жергілікті тұқымды табындық жылқылардың асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жетілдіру үшін мұғалжар, көшім тұқымды және «жабе» типті қазақ жылқыларының жоғары өнімді айғырларының генетикалық әлеуетін қарқынды пайдалану қажет. Семинар өткізу аясында мұғалжар жылқыларының жоғары өнімді айғырларының генетикалық әлеуетін пайдаланудың артықшылықтары көрнекі түрде ұсынылып, көрсетілетін болады. Етті жылқы шаруашылығындағы өндірісті қарқындату жолдары 1 басқа шаққандағы тауарлық ет шығымын арттыруға негізделуі тиіс: табындағы биелердің үлесін 60%-ға дейін арттыру; ет бағытындағы жылқыларды семіртіп, бордақылаудан кейін сойып өткізу.</p>
<p>3. Қора жағдайында ұсталынуымен ерекшеленетін зауыттық жылқы тұқымдарын бақылаусыз әкелу және оларды жергілікті аналық бастармен будандастыру.</p>	<p>Әкелінген айғырлар жыл бойы жайылымда тебінде ұстауға бейімделмеген, бұл құлындардың төмен шығымына әкеледі. Сонымен қатар, жылқылардың әртүрлі ауруларға — подседал, ринопневмония, жылқы тұмауы және т.б. шалдығуы нәтижесінде әлсіз және өнімділігі төмен құлындар дүниеге келеді. Бұл өндірілетін ет көлеміне теріс әсер етеді: мал басы көбейсе де, өнімділік төмен болып қалады, бұл өз кезегінде жылқыларды ұстау шығындарының артуына алып келеді.</p>

КЕЙС

Ақтөбе облысындағы жылқы шаруашылығы – «Аманжол» ШҚ


Мұғалжар жылқы тұқымын өсірумен айналысады. Бұл шаруашылықта селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс келешекке арналған жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді.





ФЕРМЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

1. Кең табиғи жайылымдарды пайдалануға мүмкіндік беретін, Қазақстанның құрғақ климаты жағдайына толықтай бейімделген өнімді бағыттағы өсірілген және құрылатын үздік генотиптердің мамандандырылған жергілікті тұқымдарын қарқынды пайдалану есебінен жылқы бастарының санын көбейтуді жүргізу.
2. Тірі салмағы жоғары (айғырлар орта есеппен 575 кг, биелер – 490 кг), ересек жылқылардың ет өнімділігі жоғары (ұшаның салмағы 280-320 кг) және сою өнімділігі жоғары (57-58%), көбею қабілеті жоғары және биологиялық, экономикалық және пайдалы қасиеттерін тұқым қуалайтын түрде сақтайтын жергілікті тұқымдардың табындарын қалыптастыру және құру.
3. Жылқыларды өсіру жүйесі және оларды басқаруға жағдай жасау, жемшөп өндірісі мен ұтымды азықтандыруды ұйымдастыру, табынды молайту, асыл тұқымды жұмыс, зоотехникалық-ветеринариялық іс-шаралар сияқты элементтерді қамтитын жоғары асыл тұқымды және тауарлық өнімді өндіру үшін оңтайлы технологияны енгізу.
4. Жоғары өнімді жылқылар популяциясының көбеюі, оларды өсіру аймағының кеңеюі.


Облыс бойынша жылқы саны, мың бас.




Тұқымдық жылқы басы, бас




100 биеге шаққандағы, құлын шығымы, бас.



Тұқымдар бойынша асыл тұқымды жылқылардың саны, бас..



Ақтөбе облысы шаруашылықтарының жергілікті тұқымды жылқылардың тұқымдық жас малын өткізуі




Жануарларды бірдейлендіру жүйесінің (ИСЖ) мәліметтері бойынша, 01.10.2025

Вид животного	ҚРС	МРС	Свиньи	Лошади	Верблюды
АКМОЛИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	425275	679559	45494	247126	235
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	661295	1346989	3496	401303	26344
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	694128	3206542	21115	266763	9202
АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ	294858	683746	439	177702	45144
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	1091141	1590718	15300	316843	2647
ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ	502249	3842233	4771	217296	8549
КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	468916	769786	78080	372881	1255
КОСТАНАЙСКАЯ ОБЛАСТЬ	402883	477720	75565	173854	233
КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	410541	767429	701	272390	66221
МАНГИСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ	21131	295799	0	141615	96905
ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	1185818	4899283	42	503594	40928
Г.ШЫМКЕНТ	101933	109721	1096	22444	12
ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТЬ	536364	699242	132200	302701	172
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	292463	451477	136055	164455	3
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	441120	676522	18044	232930	309
Г.АСТАНА	264	2554	7	522	0
Г.АЛМАТЫ	2018	2398	117	1759	16
ОБЛАСТЬ УЛЫТАУ	169862	284983	378	184367	583
ОБЛАСТЬ ЖЕТЫСУ	604546	2089427	16768	231825	2727
ОБЛАСТЬ АБАЙ	806208	1357594	4765	413159	563
Всего	9113013	24233722	554433	4645529	302048


Ақтөбе облысы бойынша өнімділік бағыты бойынша жылқы саны

	Шаруашылықтардың барлық санаттары			оның ішінде в том числе								
				ауыл шаруашылығы кәсіпорындары			дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары			жұртшылық шаруашылықтары		
	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға %	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға %	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға %	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға %
Ақтөбе облысы	361 898	283 190	127,8	30 991	27 244	113,8	260 751	200 155	130,3	70 156	55 791	125,7
Ақтөбе қ.э.	9 300	6 436	144,5	2 522	2 122	118,9	2 630	2 313	113,7	4 148	2 001	207,3
Алға	21 011	18 459	113,8	2 095	1 378	152,0	16 195	14 648	110,6	2 721	2 433	111,8
Әйтеке би	35 218	32 258	109,2	4 800	4 716	101,8	25 783	22 664	113,8	4 635	4 878	95,0
Байғанин	40 121	31 496	127,4	1 499	721	207,9	25 282	21 325	118,6	13 340	9 450	141,2
Қарғалы	3 557	4 145	85,8	674	639	105,5	1 752	2 117	82,8	1 131	1 389	81,4
Қобда	29 901	29 441	101,6	3 848	3 983	96,6	22 882	21 370	107,1	3 171	4 088	77,6
Мәртөк	8 176	7 068	115,7	166	232	71,6	5 913	5 216	113,4	2 097	1 620	129,4
Мұғалжар	46 393	38 448	120,7	2 736	2 579	106,1	37 398	29 533	126,6	6 259	6 336	98,8
Ойыл	20 004	18 136	110,3	1 430	1 335	107,1	13 800	11 490	120,1	4 774	5 311	89,9
Темір	24 945	17 706	140,9	317	268	118,3	20 891	14 993	139,3	3 737	2 445	152,8
Хромтау	23 057	15 087	152,8	3 508	3 299	106,3	14 825	9 250	160,3	4 724	2 538	186,1
Шалқар	74 204	51 473	144,2	2 774	1 348	205,8	56 380	38 439	146,7	15 050	11 686	128,8
Ырғыз	26 011	13 037	199,5	4 622	4 624	100,0	17 020	6 797	250,4	4 369	1 616	270,4


2026–2030 жылдарға болжанған жылқы саны, мың бас



Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылғы жылқы еті өндірісінің көрсеткіштері



Болжанған жылқы еті өндірісі, тонна



Ақтөбе облысында жылқы шаруашылығын дамытудың SWOT- талдауы

Ішкі орта

Мықты жақтары

Жылқы еті мен бие сүтіне сұраныс;
Қазақстандық жылқы еті мен бие сүтінің шетел нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігі;

- * Тиімді географиялық орналасу
- * дәнді дақылдар егуге арналған жерлер мен жайылымдық алқаптардың болуы;
- * еңбек ресурстарының болуы;
- * ет өңдеу өнеркәсібінің болуы.

Әлсіз жақтары

- өндірістің техника-технологиялық үдерістерін инновациялық дамыту қарқынының төмендігі;
- техникалық жабдықтың әлсіздігі, еңбек өнімділігінің төмендігі;
- низкая продуктивность животных на в товарных хозяйствах;
- өндірістің ұсақ тауарлылығы;
- * өткізілетін өнімге қайта өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілетсіз сатып алу бағасы;
- * кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажеттілігі;
- * ет комбинаттарына шикізат түсімінің біркелкі еместігі;
- * Республикалық ауқымдағы жануарлар патологияларын диагностикалау және ерекше профилактикасы бойынша ветеринариялық қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі;
- * жануарлар арасында әртүрлі патологиялардың пайда болу және таралу қаупі жоғары;
- * Өнімді жылқы шаруашылығында селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты субсидиялаудың болмауы.

Сыртқы орта

Мүмкіндіктері

- "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы" шеңберінде қолдау
- а.-ш. техника мен мал сатып алуға қаражат салумен инвестициялар тарту, инвестициялық процесте лизингтік нысандарды дамыту;
- жылқы шаруашылығы өнімдерін экспорттау мүмкіндіктері;
- ет өнімдерін қайта өңдеу желісін одан әрі дамыту;
- халықты жұмыспен қамту (мал шаруашылығындағы 1 жұмыс орны басқа салалардағы 4-5 орын), кірістерді арттыру және ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;
- кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мүмкіндіктері;
- жоспарланған кластердің инфрақұрылымы негізінде Жеке кәсіпкерлікті толыққанды бизнеске айналдыру мүмкіндіктері.

Қауіпі

- мал басының азаюы (климаттық жағдайдың нашарлауы, жануарлар аурулары);
- шекаралас елдерден жедел инфекциялық ауруларды әкелудің жоғары ықтималдығы.

Мәселелерді шешу жолдары

I. Өнімді бағыттағы жылқы санын көбейту:

- ❖ Табынды кеңейтілген ұдайы өндіру арқылы (100 биеге 75 құлын; жас малдың шығуы тиісінше 90%)

II. Асыл тұқымды малдың үлес салмағын арттыру:

- ❖ Асыл тұқымды етті жылқы шаруашылығын дамытуға мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету арқылы 7,0 %-ға дейін (селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты субсидиялау, жеңілдетілген несиелеу, лизинг).
- ❖ Жылқы шаруашылықтарына селекциялық жетістіктер мен технологияларды өндіріске ғылыми-практикалық тұрғыда енгізу үшін қаражат бөлу.
Тұрақты әрі тиімді етті және сүтті бағыттағы жылқы шаруашылығын дамыту үшін келесілерді жүзеге асыру қажет:
 - ❖ 1. Жергілікті етті және сүтті бағыттағы жылқы тұқымдарын одан әрі дамыту жануарлардың санын көбейту және өнімділігін арттыру есебінен жүзеге асырылуы тиіс.
 - ❖ 2. Жергілікті табындық жылқы тұқымдарының асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жетілдіру үшін мұғалжар, көшім тұқымдары мен «жабы» типті қазақ жылқыларының жоғары өнімді айғырларының генетикалық әлеуетін қарқынды пайдалану қажет.
 - ❖ 3. Етті және сүтті бағыттағы қолда бар жергілікті жылқы тұқымдарының генофондын қазіргі заманғы генетика мен биотехнология жетістіктерін пайдалану негізінде сақтау.
 - ❖ 4. Жылқылардың сапасын арттырудағы негізгі рөл асыл тұқымды жоғары өнімді мал басы бар ауылшаруашылық құрылымдарына тиесілі болуы тиіс. Бұл шаруашылықтарда аталық іздер, аналық тұқымдар мен ұялар бойынша өсіру әдісін қолданып, мақсатты іріктеу мен таңдау жүргізу, жас малды мәдени-табындық ұстау тәсілінің элементтерін енгізе отырып өсіру қажет. Бұл жылқыларда пайдалы тұқым қуалаушылық қасиеттерінің дамуына және бекінуіне мүмкіндік береді.
 - ❖ 5. Ет-сүт бағытындағы жергілікті жылқы тұқымдарымен тереңдетілген селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу. Өнімді жылқы шаруашылығы жүйесінде міндетті буын ретінде жылқы фермаларында жылқылардың жеке зоотехникалық есебін ұйымдастыруды, ал асыл тұқымды табындарда селекциялық жұмыстың толық кешенін – бонитировка, жұп таңдау, жас малдың өсуі мен дамуын бақылау, селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың перспективалық жоспарларын жасауды енгізу қажет.6.
 - ❖ 6. Өсіресе етті және сүтті бағыттағы жергілікті тұқымдардың жоғары өнімді айғыр-бас жылқыларымен табындарды жасақтауға ерекше көңіл бөлу қажет.

- ❖ 7. Жергілікті қазақ жылқыларының ет өнімділігін арттыру үшін көшім тұқымды айғырлармен өндірістік будандастыруды және мұғалжар тұқымды айғырлармен кіріспе (жақсартушы) будандастыруды қолдану, сондай-ақ жоғары ет өнімділігі мен жыл бойғы жайылымдық- төбіндеу жағдайына жақсы бейімділігі бар I ұрпақ будандарын қалыптастыру.
- ❖ 8. Етті және сүтті бағыттағы жергілікті тұқымдардың асыл тұқымды төлдерін өсіріп, племяға өткізгені үшін шаруашылықтарды ынталандыру мақсатында:
 - асыл тұқымға өткізілетін төлді субсидиялау.
 - аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуді субсидиялау.
- ❖ 9. Жыл сайын 100 биеге шаққанда 86–90 құлын алуға және жылқы басының сақталуын 97–98 % деңгейінде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ғылыми негізделген технологияны енгізу.
- ❖ 10. Етті жылқы шаруашылығында өндірісті интенсификациялау жолдары бір басқа шаққандағы тауарлық еттің шығуын арттыруға негізделуі тиіс:
 - табын құрылымында биелердің үлесін 60%-ға дейін арттыру;
 - ет бағытындағы жылқыларды союды оларды жайып семірткеннен және бордақылағаннан кейін жүргізу;
- ❖ Жас малды етке өткізуге ең тиімді жасты анықтау кезінде ет сапасы 6, 18, 30 және 42 айлық күзгі соғым кезіндегі жас малда жақсы болатынын ескеру қажет. Алайда біздің есептеулер бойынша ең тиімдісі – жас малды 30 айлық жасында өткізу. Жас малды 2,5 жастан 3,5 жасқа дейін ұстап тұру шығындары бұл аралықтағы еттің қосымша өсуімен ақталмайды. Сонымен қатар жас малды 3,5 жасқа дейін ұстап тұру табын құрылымындағы биелердің үлесін азайтады (30%-дан төмен).
- ❖ Жекелеген шаруашылықтарда биелердің үлесін 60% және одан да жоғары көтеру үшін 6 айлық құлындарды етке өткізу орынды (бұл, әсіресе, биелерді құлындарымен бірге қыстату қиын болған жағдайда жасалуы қажет). Мұндай жағдайда табынның ұдайы өндіру мүмкіндігі артады, бір жылқыға шаққандағы ет өндіру 11–12%-ға өседі, жылқы етін тапсырудың рентабельділігі 12%-ға жоғарылайды.
- ❖ 11. Сүтті жылқы шаруашылығын дамытуды ірі механикаландырылған фермалар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырған жөн. Олар маусымдық (мамырдан қыркүйекке дейін қымыз өндіретін) және жыл бойы жұмыс істейтін болып құрылуы мүмкін. Қымыз фермаларын қалаларға, өнеркәсіптік орталықтарға және санаторийлерге жақын жерде ұйымдастыру орынды.
- ❖ Сүтті жылқы шаруашылығының тиімділігін арттыру мақсатында 100 және одан да көп сауын биесі бар фермалар құру қажет.
- ❖ 12. Қиын қыстауларға арнап жыл сайын әр жылқыға 10–12 центнер есебімен сапалы шөптің кепілді қорын дайындау қажет. Мұндай шөп қоры көп емес, бірақ қолайлы қыстарда ауыспалы қор жинақтау арқылы оны арттыруға болады. Тек табынға қатаң бекітілген көпжылдық шөп қоры ғана жұт жылында апаттан сақтануға мүмкіндік береді.
- ❖ 13. Етті және сүтті бағыттағы жылқы шаруашылығын дамыту үшін бұл ресурстарды ұтымды басқаруға мүмкіндік беретін ғылым мен өндірістің үйлестірілген іс-қимыл жүйесін құру қажет.

Мақсатты индикаторлар

2030 жылға дейін өнімді бағыттағы жылқылардың санын 361,9 мың бастан 506,1 мың басқа дейін арттыру

2030 жылға дейін етке өткізілетін жылқылардың тірі салмағын 353 кг-нан 380 кг-ға дейін арттыру

2030 жылға дейін жылқы етін өндіру көлемін 10,8 мың тоннадан 15,0 мың тоннаға дейін жеткізу (сойыс салмағында)

Мұғалжар жылқы тұқымы

1998 жылы көпжылдық селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың нәтижесінде Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының, ҚазНИТИО ғалымдарының және «Мұғалжар жылқы зауыты» АҚ мен оның еншілес шаруашылықтары – Ақтөбе облысындағы «Талдық» АҚ, «Жұрын» АҚ, Қызылорда облысындағы «Құланды» АҚ және Қарағанды облысындағы «Шолақ-Еспе» шаруа қожалығы мамандарының қатысуымен ет-сүт бағытындағы жаңа мұғалжар жылқы тұқымы шығарылды (ҚР АШМ №156 бұйрығы, 1998 жылғы 30 желтоқсан; патент №178, 2011 ж.). Тұқым қазақтың жабе типті жылқыларын таза тұқымды өсіру және жетілдіру негізінде базалық асыл тұқымды шаруашылықтардың селекциялық табындарында қалыптастырылды.

Бұл селекциялық жетістіктің жаңалығы — жаңа тұқымды жасау барысында Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының жылқы шаруашылығы бөлімі отандық табынды жылқы өсіру мен зоотехния тәжірибесінде алғаш рет әлемде баламасы жоқ, жоғары өнімді Зубр және Бархат айғырларының зауыттық аталық желілерін шығарып, бекітті (Авторлық куәліктер №4318, 4319, КСРО өнертабыстардың мемлекеттік тізіліміне 1987 жылғы 25 наурызда тіркелген).

Кейінгі кезеңдерде База және Парадный айғырлары желілерімен ****Қайынды зауыттық типі**** және олардың 10 аналық тұқымдық тұқымдары (патент №185, 2011 ж., «ААШТС» ЖШС) мен ****Ембі ішкі тұқымдық типі**** (патент №184, 2011 ж., «ААШТС» ЖШС) мақұлданды.

Аталған зауыттық желілер мен зауыттық және ішкі тұқымдық типтердің жасалуы жаңа мұғалжар жылқы тұқымының бекітілуіне негіз болды.



Гнедой жеребец Палуандай №68, 2007 г.р., внук родоначальника заводской линии Палуанторы 136-91 ТОО «Мугалжар Асыл»



Жеребец Гулмарас 16-06 заводской линии Грома кушумской породы
ТОО «TS-AGRO» (159-163-201-20,5 см и 611 кг)

Көшім жылқы тұқымы

Көшім тұқымы жергілікті қазақ биелерін желісті, ағылшынның таза қанды салт мінетін және дон тұқымды айғырлармен күрделі будандастыру арқылы шығарылып, 1976 жылғы сәуірде КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігімен жаңа отандық тұқым ретінде бекітілді.

Көшім тұқымын шығару жұмысы жыл бойы жайылым жағдайында, жусанды-сораңды-астықты жайылымдарда жүргізілді.

Көшім жылқылары бірқатар басқа тұқымдармен салыстырғанда шаруашылыққа тиімді қасиеттерімен ерекшеленеді: ерте жетілуі, өсімталдығы, ет және сүт өнімділігінің жоғарылығы, жыл бойы жайылымда тебінде ұстауға бейімділігі және өсірудің үнемділігі.

Ет өнімділігі бойынша Көшім жылқылары жергілікті қазақ жылқыларынан асып түседі (орта есеппен әр басқа 1 центнерге артық). Олар жоғары сүттілігімен ерекшеленеді (сауын кезеңі 3 айда тәулігіне 14–22 литр), төлі тез жетіледі (2,5 жасында аналықтарының тірі салмағының 88–95%-ына жетеді), өсімталдығы жоғары, 100 биеден 85–90 кұлын, ал үздік табындарда 94%-ға дейін кұлын алу байқалады.

Жергілікті өнімділігі төмен биелермен будандастырғанда, Көшім айғырлары ұрпағының тірі салмағын 60–80 кг-ға арттырады.

Жабы қазақ жылқылары



Назарларыңызға
рақмет